

279. 1) 3, 5, 6 және 25;
2) 21, 30, 35, 52 және 77 сандарынан өзара жай сандардың төрт жұбын құрастырындар.
280. a және b сандарының жай көбейткіштерге жіктелуі берілген. a және b сандарының ең үлкен ортақ бөлгішін табындар:
1) $a = 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 5$ және $b = 2 \cdot 3 \cdot 3$;
2) $a = 2 \cdot 3 \cdot 3 \cdot 11$ және $b = 2 \cdot 2 \cdot 5 \cdot 11$;
3) $a = 2 \cdot 2 \cdot 5 \cdot 7$ және $b = 2 \cdot 7 \cdot 11$;
4) $a = 2 \cdot 2 \cdot 2 \cdot 3 \cdot 3$ және $b = 5 \cdot 7 \cdot 11$.
281. 1) Тіркемесі бар мәшинемен бірнеше рет қатынап, бірінші күні 35 т, екінші күні 21 т, үшінші күні 14 т таскөмір әкелінді. Тіркемесі бар мәшинеге әрбір ретте тиелген таскөмірдің массалары бірдей. Мәшине бір рет қатынағанда неше тонна таскөмір әкеледі?
Шешуі (*үлгі*). 35, 21 және 14 сандарының әрқайсысы тіркемесі бар мәшиненің бір рет қатынағанда әкелетін таскөмірдің массасын өрнектейтін санға бөлінуі керек.
35 санының бөлгіштері: 1, 5, 7, 35;
21 санының бөлгіштері: 1, 3, 7, 21;
14 санының бөлгіштері: 1, 2, 7, 14. ЕҮОБ (35, 21, 14) = 7.
Ж а у а б ы: 7 т.
- 2) Бірінші пойыздың барлық купелі вагондарында 180 орын бар. Екінші пойыздың барлық купелі вагондарында 252 орын, ал үшінші пойыздың барлық купелі вагондарында 216 орын бар. Купелі вагондардың әрқайсысындағы орындар саны бірдей. Бір купелі вагонда ең көп дегенде неше орын бар?
282. Балаларға сыйлық дайындау үшін 180 жаңғақ, 150 өрік және 210 кәмпит алынды. Балаларға берілетін сыйлықтардағы өріктердің саны бірдей, жаңғақтардың саны бірдей, кәмпиттердің саны бірдей болуы керек. Сыйлық ең көп дегенде неше балаға жетеді?
283. 24 қызыл шар, 42 көк шар және 30 сары шардан бірнеше тізбе дайындалды. Тізбелердегі қызыл шарлар саны бірдей, көк шарлар саны бірдей, сары шарлар саны бірдей. Ең көп дегенде неше тізбе дайындалды?